

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Тлектес жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Өзін-өзі аттестаттау қорытындысының құжаттары

2025-2026 оқу жылы

**Павлодар облысы білім беру басқармасы,
Аққулы ауданы білім беру бөлімінің
«Тлектес жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

Бақылау түрі: Өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1.	Бекпауова Айнур Баритовна	Мектеп басшысы - комиссия төрағасы;
2.	Нургазина Шолпан Алдонғаровна	басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары – комиссия төрағасының орынбасары;
3.	Рахметова Слушаш Болатовна	Басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
4.	Таласпай Анель Мукановна	бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
5.	Авазова Зарина Файдрахмановна	қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
6.	Базарханова Әйгерім Жанболатқызы	математикалық-жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі – комиссия мүшесі;
7.	Нургазина Асемгуль Төлеубековна	МАД тәрбиешісі – комиссия мүшесі;
8.	Бейсебаева Айман Ауқеновна	шағын орталық тәрбиешісі - комиссия мүшесі;
9.	Карамышева Людмила Николаевна	шаруашылық ісінің меңгерушісі – комиссия мүшесі;
10.	Туружанова Мадина Амангельдиевна	мектеп психологі – комиссия мүшесі.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру мекемесінің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Тлектес жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

БСН 001040002454 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 25 маусым 1998 жыл.

Заңды мекен-жайы: 140700, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Тлектес ауылы, Б.Аубакиров көшесі, 16-ғамарат .

Электрондық мекен-жайы: tlektes_school@mail.ru

Интернеттегі ресми сайт: <https://tlektes.aqqulyroo.edu.kz/kk>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар:

<https://www.instagram.com/mekteptlektres?igsh=bHdncGwwcWQ2dWZ0>

Телефон, факс: 8(71839) 40768

Мекеменің техникалық паспорты 2025 жылы 27 шілдеде жасалған. Бір қабатты, құрылыс ауданы – 1967,4 ғимараттың ауқымы- 5832, жалпы ауданы – 2281,9 салынған жылы - 2025 жыл *(көшірме қосымша ұсынылады)*.

«Тлектес жалпы орта білім беру мектебі» КММ басқару органы - Павлодар облысының білім басқармасы.

«Аққулы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 шілде №2024- 2316631 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 0,8800 га) кадастрлық номері: **14-209-015-122** *(көшірме қосымша ұсынылады)*.

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 02.05.2025ж. жылғы №KZ77LAM00002596

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Тлектес жалпы орта білім беру мектебі» КММ

«Тлектес жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп басшысы Бекпауова Айнур Баритовна 2019 жылғы 30 желтоқсан Аққулы ауданы білім беру бөлімінің №71 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалды, .

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2-тарауының 2-тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

Мектептің мақсаты:

Оқушылардың қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, елжанды, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Мектеп міндеттері:

- оқушылардың танымдық және метатанымдық негізде сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру;
- оқушылардың интеллектуалдық, әлеуметтік және лидерлік, шығармашылық дарындылықтарын дамытуға жағдай жасау.
- оқушылардың зерттеушілік қабілеттері мен әдістемелік біліктерін дамыта отырып, кәсіптік дағдылар алуына жағдай жасау;
- оқушының өзіндік іс-әрекетіне бағытталған әдіс-тәсілдер мен технологияларды назарға алып, өзін-өзі дамытудың практикалық дағдыларын дамыту;
- оқушылардың әлеуметтік ортада бәсекеге қабілетті, тиімді түрде тұлғааралық қарым-қатынас жасай алуға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталған дағдыларын дамыту;
- білім беру процесін үздік білім беру ресурстары, технологияларымен оқушылардың интеллектуалдық, лидерлік, шығармашылық дарындылықтарын дамыту үшін материалдық, ғылыми – әдістемелік қолдау көрсет;
- мұғалімдердің біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін балалармен жұмыс істеу құзіреттілігін арттыру;
- оқушылардың бойына белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға ашық болуға тәрбиелеу.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйым қызметінің кадрлық құрамына талдау

Білім сапасы педагогтардың сапалық құрамына байланысты анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс жасаудың барлық нормативтік құжаттары толық, кадрлар құрамы бойынша бұйрықтар кітабы уақытымен толтырылған, жеке еңбек шарттары жасалынған, мұғалімдердің жеке іс-қағаздары, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, мұғалімдердің курстан өтуінің перспективалық жоспары жасалынған. Кадрлар бойынша барлық есептер уақытында жасалып келеді.

Педагог кадрлардың құрамы «ҚР жалпы білім беру ұйымдарында қызметін ұйымдастыру тәртібі» туралы ережеге сәйкес, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға, педагогикалық шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді. Штаттық кестеге сәйкес мектеп педагогтармен қамтамасыз етілген.

Мұғалімдердің 3 жылдық білім деңгейінің көрсеткіші

Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы		2025-2026 оқу жылы	
	мұғалім	%	мұғалім	%	мұғалім	%
Мұғалімдер саны	18	100%	18	100%	16	100%
Жоғары білім	14	78%	14	78%	15	94%
Орта арнаулы	4	22%	4	22%	1	6%

2023-2024 о.ж. жыл басында 18 педагог болды, жыл соңында 17 мұғалім (1 мұғалім қайтыс болды). 2024-2025 о.ж. жыл басында 18 мұғалім, жыл соңында 17 (бір мұғалім декреттік демалысқа кетті).

2025-2026 оқу жылында мектепте 16 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары білімді мұғалімдердің үлесі 94%.

Салыстырмалы анализ мектептегі мұғалімдердің білім деңгейі мен сапалық құрамы бойынша 2025-2026 о.ж. 16% өскенін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **бастауыш білім беру** деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі.

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	%
2023-2024	6	1	1	1	3	33 %
2024-2025	6	1	1	1	3	33%
2025-2026	5	1	1	3	0	40%

Бастауыш білім беру деңгейінде педагогтердің жалпы санынан педагог-сарапшы, педагог-зерттеушінің жалпы санынан үлесі 2 жылда өзгеріссіз болды.

2025-2026 оқу жылында А.М.Таласпайға педагог-сарапшы квалификациялық деңгейі берілді, Г.К. Шигеровамен бастауыш сыныптағы ағылшын тілі мұғалімі Сейткулова Д.М. «педагог-модератор» деңгейін алды және басқа мектептен келген бастауыш сынып мұғалім «педагог-модератор» квалификациялық деңгейімен келді. Тағы «педагог-сарапшы» квалификациялық деңгейі бар мұғалім декреттік демалыста.

Бастауыш білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі 2025-2026 оқу жылында - 40%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру** деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	%
2023-2024	12	1	5	2	4	50%
2024-2025	12	1	5	4	2	50%
2025-2026	12	2	4	4	2	50%

Тлектес ЖОББМ бойынша негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі бір қалыпта екенін анықтайды.

5-11 сыныптар негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде барлығы – 12 педагог сабақ береді, оның ішінде 2 педагог-зерттеуші (биология пәні мұғалімі Базарханова Ә.Ж., орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Нургазина Ш.А.), 4 педагог-сарапшы (ағылшын тілі пәні мұғалімі Авазова З.Ф., дене шынықтыру пәні мұғалімі Бекпауов М.С., математика

пәні мұғалімі Базарханов Е.Ж., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Жанакоева А.К.) 4 педагог-модератор (ағылшын тілі пәні мұғалімі Бекпауова А.Б., тарих/география пәні мұғалімі Дюсенбаева А.К., қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Рахметова С.Б., АӨТД пәні мұғалімі Нургазин А.Р.), «педагог» санаты бар 2 мұғалім (математика пәні мұғалімі Мағзұм Қ.Е., география/тарих пәні мұғалімі Зайрқұл Ж.Қ.), бұл жас мамандар, педөтілі екі жыл, 2025-2026 о.ж. аттестациядан өтуге жоспарлап отыр. АӨТД пәні мұғалімінің квалификациялық деңгейі – модератор, көркем еңбек пәні мұғалімі ретінде санаты – сарапшы. Осы сапалық құрамында мұғалімнің негізгі жұмысы АӨТД болғандықтан, мұғалім мектепте «педагог-модератор» болып есептеледі.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің жалпы санынан үлесі - 50%-ды құрайды.

Басшы, басшы орынбасарларының біліктілік санаттары бойынша

№	ТАӨ	Лауазымы	Лауазымы бойынша еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Бекпаова Айнур Баритовна	Мектеп басшысы	6 жыл	Басшы ұйымдастырушы
2	Нургазина Шолпан Алдонгаровна	Мектеп басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	25 жыл	2 санатты
3	Рахметова Слушаш Болатовна	Мектеп басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	2025-2026 оқу жылында өтеді

Педагог кадрларды аттестаттау үдерісін жүргізу бойынша жоспар құрылып, педагог кадрларды аттестаттау жоспар бойынша жүргізіледі. Жылда аттестациялық комиссия отырысының хаттамасы жазылып, бұйрықтары шығарылып, тіркеу журналына тіркеліп, біліктілік куәліктері беріледі. Мұғалімдердің жеке іс-қағаздарына аттестаттау бұйрығы мен куәліктерінің көшірмесі салынған. Мектептегі педагог кадрларды аттестаттау анализі олардың шығармашылық жұмысының өскенін, жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді.

Мектептегі кадрлармен жұмыстың негізгі мақсаты - мұғалімдер ұжымының сандық және сапалық құрамына талдау жасау, мұғалімдердің санатын және шеберліктерін көтеруге жағдай жасау, ұжымда жағымды моральдық-психологиялық жағдайды арттыру, кадрлардың ағымын қадағалау.

Кадрлармен жұмысты мақсатты және жүйелі ұйымдастыру мектептегі кадр мәселесін шеше білді. Нәтижесінде ұжымда жағымды психологиялық жағдай қалыптасқан, бұл педагогтардың жайлы жағдайда жұмыс жасаудағы шығармашылығының көрінісі.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында комиссия мүшелері әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп жұмыстың түрлі формаларын қолданатындығы анықталды. Атап айтқанда, тақырыптық педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, мұғалімдердің өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыстары, пән апталықтары, сонымен қатар сабақтар, семинарларды өткізу және ұйымдастыруда, ата-аналармен, оқушылармен жеке әңгіме жүргізу барысында мұғалімге қажетті әдістемелік нұсқаулықтардың әзірлемелері дайындалады.

Комиссия мүшелері мектеп жұмысы жоспарының орындалуын тексеріп, педагогикалық кеңес отырыстары, практикалық семинарлар және кадрларды аттестаттау жұмысы мектептің перспективті жоспарымен сәйкес келетіндігін анықтады.

Педагогикалық кеңес хаттамалары тақырыпқа сәйкес, олардың өткізілу саны нормативтік талаптарға сай. Педкеңес шешімдері тіркеледі, олардың орындалуы мектеп әкімшілігімен бақыланады. Білім қызметкерлерінің кәсіби және үздіксіз дамуы, олардың

білім берудің инновациялық технологияларын қолдану барысында озық дайындығы білім сапасын көтерудің басты шарты болып табылады.

Педагогикалық ұжымның біліктілігін арттыру бойынша мәлімет.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттерінің бірі, мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету, мектепшілік әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу арқылы санатын көтеру және білімін жетілдіру курстарына жіберу арқылы мұғалімдердің санатын көтеру болып табылады. Осы мақсатта Павлодар қаласының жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Курстық даярлықтан өткізу білім жүйесінің дамуының басым бағыттары мектептің жылдық жоспарына сәйкес, сондай-ақ "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Павлодар филиалы мен ПШО білім жетілдіру курстарына сәйкес мектеп ұжымында барлық мұғалімдер оқу-тәрбие үдерісінде бірегей жұмыс жасау үшін курстық даярлықтан өткен.

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру туралы мәлімет

№	ТАӘ	Лауазымы	Курс атауы сертификат №	Оқыған ұйымның атауы, оқыған уақыты
1	Бекпаова Айну Баритовна	Мектеп басшысы	«Менеджмент в образовании»	Өрлеу 12.05.2025-23.05.2025 ж.
2	Нургазина Шолпан Алдонгаровна	Мектеп басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	«Біртұтас мектеп: оқу мен тәрбиені басқарудағы тиімді менеджмент» №190732	ҚР білім және Ғылым Министрлігінің 18.01.2016ж.№95 бұйрығына сәйкес Біліктілікті арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы 21.04.2025 – 02.05.2025 ж.
3	Рахметова Слушаш Болатовна	Мектеп басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	«Біртұтас мектеп: оқу мен тәрбиені басқарудағы тиімді менеджмент» №190762	ҚР білім және Ғылым Министрлігінің 18.01.2016ж.№95 бұйрығына сәйкес Біліктілікті арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы 21.04.2025 – 02.05.2025 ж.

1 басшы, 2 басшы орынбасары біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Басшылардың біліктілік арттыру курстарынан өту үлесі – **100%**.

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер үлесі

Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
	Мұғалім саны-18	Мұғалім саны -18	Мұғалім саны-16
«Өрлеу» БАҰО АҚ		4	
«НЗМ» ДББҰ ПШО		7	2
Басқа мекеме	2	2	
Барлығы	2	13	

Педагогтердің біліктілік курстан өтуі

	Мұғалімнің аты-жөні	Диплом бойынша маманы	Қай пән жүргізеді	Курс өткен жері, мерзімі	Тақырып
1	Авазова Зарина Файдрахмановна	ағылшын тілі мұғалімі	ағылшын тілі	АО НЦПК «Өрлеу» 26.05-05.06.2025ж.	«Развитие рецептивных и продуктивных навыков в преподавании и обучении английскому языку» №0979469
2	Бекпауова Айнур Баритовна	ағылшын тілі	ағылшын тілі	АО НЦПК «Өрлеу» 12.01-26.01.2024 ж	«Ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» БЖ №0097245
3	Бекпауов М.С.	Дене шынықт	Дене шынықт	АО НЦПК «Өрлеу» 02.06-13.06.2025 ж.	«Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» №0006738
4	Базарханова Ә.Ж.	Биология	Биология	АО НЦПК «Өрлеу» 02.09-13.09.2024 ж.	«Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту» №0829291
			Химия	ПШО 18.06.2025 ж.	«Білім беру ұйымдарында «Химия» пәні бойынша кәсіби құзыреттілігін дамыту» №060203
5	Базарханов Е.Ж.	Математика	Математика	ПШО 19.09.2025 ж.	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі» №144700
6	Дюсенбаева А.Қ.	Тарих, географ	География	АО НЦПК «Өрлеу» География-2019	Жаңартылған білім беру мазмұны
			Тарих	АО НЦПК «Өрлеу»	«Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту (5-9 сыныптар)» №0598037
7	Жанакова А.Қ.	Қаз.тілі	Қаз.тілі	АО НЦПК «Өрлеу» 29.05-09.06.2023 ж.	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні педагогтердің базалық және пәндік құзыреттіліктерін дамыту» №0707107
8	Зайрқұл Жұлдыз Қайырғалиқызы	тарих	Тарих	ПШО 19.09.2025 ж.	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі» №144635

9	Зайрқұл Күнсұлу Қайырғалиқызы	бастауыш сынып	Бастауыш сынып	ПШО 02.04.2025 ж.	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: бастауыш мектепте оқытудың тиімді тәжірибесі»№111481
10	Мағзұм Қайрат Ерболатұлы	Математика	Математика	Біліктілікті арттыру қазақстандық өңіраралық орталығы 11.06.2025 ж.	«Математиканы оқытудың замануи әдістері» №060027
11	Нургазин А.Р.	АӘТД Көркем еңбек	АӘТД	АО НЦПК «Өрлеу» 16.09- 27.09.2024ж.	«АӘТД педагог- ұйымдастырушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамыту» № 0829494
			Көркем еңбек	АО НЦПК «Өрлеу» 09.06- 20.06.2025 ж.	«Повышение профессиональной компетентности педагогов в сфере дизайна и художественного моделирования» №0979861
12	Нургазина Ш.А.	Орыс тілі мен әдебиет	Орыс тілі мен әдебиет	АО НЦПК «Өрлеу» 17-28.06.2024ж.	«Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы»
13	Рахметова С.Б.	Қазақ тілі мен әдебиет	Қазақ тілі мен әдебиет	Біліктілікті арттыру қазақстандық өңіраралық орталығы 21.04- 02.05.2025 ж	«Қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін арттырудың басымдықтары» № 061515
14	Сейткулова Данагуль Мараловна	Ағылш.тілі	Ағылш.тілі	АО НЦПК «Өрлеу» 21.08- 01.09.2023ж.	«Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» № 0709208
15	Таласпай Анель Муқановна	Бастауыш сынып	Бастауыш сынып	ПШО 26.03 - 24.05.2024ж.	«Тиімді оқыту және оқу» №090355
16	Шигерова Г.К.	Бастауыш сынып	Бастауыш сынып	АО НЦПК «Өрлеу» 16.09- 27.09.2024ж.	«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» №0825628

Әкімшіліктің менеджмент бойынша курстан өту туралы мәлімет

№	Әкімшіліктің аты-жөні	Қайда, қашан	Курс тақырыбы, №
1	Бекпауова А.Б.	Өрлеу 12.05- 23.05.2025 ж.	«Менеджмент в образовании» № 0979249
2	Нургазина Ш.А.	21.04-02.05.2025 ж.	«Біртұтас мектеп: оқу мен тәрбиені басқарудағы тиімді менеджмент» № 190732
3	Рахметова С.Б.	21.04-02.05.2025 ж.	«Біртұтас мектеп: оқу мен тәрбиені басқарудағы тиімді менеджмент» № 190732

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі көрсетілген сұраныс жіберілді, кезең бойынша мұғалімдер курсқа уақытында жіберіледі.

Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан қазіргі таңда өткен педагогтердің үлесі - **100%**.

2025-2026 о.ж. білім арттыру курсынан өтуге 3 мұғалім жоспарланып отыр, оларға білім бөліміне өтінім берілді.

Білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуы.

Мектеп бойынша 3 жылғы салыстырмалы сыныптар контингенті төмендегідей:

Оқу-тәрбие үдерісі 1 ауысымда ұйымдастырылған. Оқыту тілі – қазақ тілі.

Оқушылар саны - 50, оның ішінде:

1-4 сыныптарда – 15 оқушы

5-9 сыныптарда – 27 оқушы

10-11-сыныптарда-8 оқушы

Сынып-жиынтық: 10.

1-4 сыныптар - 3

5-9 сыныптар-5

10-11-сыныптар-2

Оқушылардың жалпы саны	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жыл
Жыл басындағы	47	46	50
Жыл барысында келгендер	Жумажанов Елназар—3 сынып Кусаинова Нұрай—2 сынып.	Алинева Алуа-5 сынып Тыныбаева Тамина- 5 сынып	Болатұлы Серікжан-5 сынып. Кусаинова Аяна-8 сынып. Рахметов Хамза-3сынып.

Жыл барысында кеткендер	1 оқушы Жумажанов Елназар—3 сынып	2 оқушы Тыныбаева Тамина-4 сынып. Оспан Аяжан-7 сынып	1 оқушы Кусаинова Аяна-8 сынып
Жыл аяғындағы оқушылардың саны	46	46	49

2023-2024 оқу жылының басындағы оқушы контингенті 47 оқушыны құраса, бүгінгі таңда 49 оқушыны құрауда. 2025-2026 о.ж. басында 1 оқушы отбасылық жағдайға байланысты басқа мектепке ауысты.

Барлық мектеп жасындағы оқушылардың міндетті орта біліммен қамтылуы әкімшілік тарапынан бақылауда тұрады. 10 күннен астам себепсіз сабақ босататын оқушылар жоқ. Оқушыларды жалпы оқумен қамту директор жанындағы жиында, әкімшілік отырыстарда жүйелі түрде қаралады.

Мектеп құжаттары нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі. Қатаң үлгідегі құжаттардың жүргізілуі куәлік, аттестатты есепке алу және беруді тіркеу үнемі бақылауда тұрады.

Мектептің алфавиттік кітабы нөмірленген, тігілген және директордың қолымен бекітілген. Алфавит кітабына оқушылардың келу, кету қозғалысы уақытында тіркеледі. Оқушылардың үлгерім табельдерін тіркеу журналы жүргізіледі. Оқушылардың қозғалыс есебі тоқсан сайын және оқу жылының соңында есепке алынады. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы жылына 2 рет қаралады, мәліметтердің бұйрық кітаптарына, алфавиттік кітап пен сынып журналдарына сәйкестігі тексеріледі.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарларына сай оқу-тәрбие үрдісі ұйымдастырылды. Жылдық қорытындысы бойынша талдаулар жасалып, жіберілген кемшіліктерге ерекше назар аударылып жұмыстар жоспарларынып, жүзеге асты. 2023-2025 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериялды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүрде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

Мектебіміздегі әдістемелік қызмет 3 бағытта жұмыс жасап келеді: бастауыш сынып бірлестігі, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бірлестігі, жаратылыстану-математикалық бірлестік.

Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен тиімділігін бақылау, бағалау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, талдау қорытындылары педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестік және директор жанындағы отырыстарда қаралып, тиісті түзетулер енгізіледі.

Дарынды оқушылармен жұмыстың 3 бағыты

1.Пәндік білімді шыңдайтын пәндік олимпиадалар;

2.Түрлі шығармашылық сайыстар мен байқауларға қатыстыру арқылы дарынды оқушыларды анықтау және шығармашылығын дамыту;

3.Оқушыларды ғылымға баулудағы ғылыми жобалар сайысы.

Мұғалімдердің дарынды оқушылармен жүйелі жұмысы нәтижесінде мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орындар алуда.

2023-2024 о.ж. дарынды оқушылардың жетістіктері

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері	орны	Пән мұғалімі
1	Жанат Ерсұлтан	Мектеп лды сынып	Аудандық “Әкем – асқар тауым”	1 орын	Таласпай А.М.
2			Облыстық “Әкем – асқар тауым”	3 орын	Таласпай А.М.
3	Оспан Аяжан	6	Аудандық “Зерде” ғылыми-зерттеулер жұмысы	2 орын	Базарханова Ә.Ж.
4			Облыстық “Зерде” ғылыми-зерттеулер жұмысы	2 орын	Базарханова Ә.Ж.
5			Халықаралық “Сатпаев оқулары”	3 орын	Базарханова Ә.Ж.
6	Хайратбек Жандос	5	“Кенгуру” ойын-конкурсы	1 орын	Мағзұм Қ.Е.
7	Нұрғазы Нұрислам	5	“Кенгуру” ойын-конкурсы	1 орын	Мағзұм Қ.Е.
8	Таскарина Адина	9	British Bulldog	1 орын	Авазова З.Ф.
9	Рахметова Саида	6	Аудандық “Бала бизнес” байқауы	3 орын	Авазова З.Ф.
10	Такирова Дарина	9	Аудандық “Менің кіші Отаным”	3 орын	Дюсенбаева А.К.
11	Хайратбек Ерболсын	11	“Жас Ұлан-2023”	1,2 орын	Нургазин А.Р.
12	Ахметов Адиль	11	“Жас Ұлан-2023”	1 орын	Нургазин А.Р.
13	Тыныбаева Тамина	4	ART-кеңістік сурет конкурсы	“Креативті сурет” номинациясы	Нургазин А.Р.

2024-2025 о.ж. дарынды оқушылардың жетістіктері

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері	орны	Пән мұғалімі
1	Нұрғазы Нұрмұхаммед	7	Аудандық Үстел теннисі жарысы	1 орын	Бекпауов М.С.
2			Аудандық шаңғы жарысы	3 орын	Бекпауов М.С.
3			Аудандық «Смарт бала» байқауы	2 орын	Нургазин А.Р.
4			Аудандық тоғызқұмалақ жарысы	3 орын	Бекпауов М.С.
5			Аудандық шахмат жарысы	3 орын	Бекпауов М.С.
6			Аудандық қысқы Президенттік көпсайыс	3 орын	Бекпауов М.С.
7			Аудандық жеңіл атлетика кроссы	2 орын	Бекпауов М.С.
8			Аудандық “Алтын қазына” байқауы	1 орын	Нургазин А.Р.
9			Аудандық “Шабыт” байқауында	1 орын	Нургазин А.Р.
10			Облыстық қысқы спорттық бағдарлау	3 орын	Бекпауов М.С.

11			Облыстық “Смарт бала” байқауы	3 орын	Нургазин А.Р.
12			Облыстық жазғы спорттық бағдарлау	3 орын	Бекпауов М.С.
13	Сейткулов Нурмухаммед	8	Аудандық Жазғы Президенттік көпсайыс	1 орын	Бекпауов М.С.
14			Аудандық “Жас Ұлан”	2 орын	Нургазин А.Р.
15			Аудандық “Сарбаз-2025”	3 орын	Нургазин А.Р.
16			Аудандық Айбын әскери-қолданбалы спорт түрінен	3 орын	Нургазин А.Р.
17			Аудандық жеңіл атлетика кросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
18			Аудандық Президенттік көпсайыс	1 орын	Бекпауов М.С.
19			Облыстық жазғы Президенттік көпсайыс	2 орын	Бекпауов М.С.
20			Облыстық спорттық бағдарлау	1 орын	Бекпауов М.С.
21	Жумажанова Лаура	7	Аудандық Қадыр Мырза Әли оқулары	1 орын	Жанакова А.К.
22			Аудандық пән олимпиадасы (орыс тілі)	2 орын	Нургазина Ш.А.
23			Аудандық “Смарт бала” конкурсы	2 орын	Базарханова Ә.Ж.
24			Аудандық Мағжан Жұмабаев оқулары	2 орын	Жанакова А.К.
25			Аудандық жеңіл атлетика кросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
26			Облыстық “Смарт бала” конкурсы	3 орын	Базарханова Ә.Ж.
27			Халықаралық “Сатпаев оқулары”	3 орын	Базарханова Ә.Ж.
28	Таскарина Адина	10	Аудандық Махамбет оқулары	2 орын	Рахметова С.Б.
29			Аудандық қысқы Президенттік көпсайыс	3 орын	Бекпауов М.С.
30					
31			Аудандық Президенттік көпсайыс	2 орын	Бекпауов М.С.
32			Облыстық спорттық бағдарлау	3 орын	Бекпауов М.С.
33			Облыстық спорттық бағдарлау	2 орын	Бекпауов М.С.
34			Облыстық дойбы чемпионаты	2 орын	Бекпауов М.С.
35			Облыстық дойбы чемпионаты	2 орын	Бекпауов М.С.
36	Рахметова Саида	7	Аудандық тоғызқұмалақ жарысы	3 орын	Бекпауов М.С.
37			Аудандық жеңіл атлетика кросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
38			Аудандық “Зерде” зерттеу жұмыстары конкурсы	3 орын	Базарханова Ә.Ж.
39			Облыстық “Жас Кемеңгер” олимпиадасы	3 орын	Базарханова Ә.Ж.
40			Халықаралық “Сатпаев оқулары”	1 орын	Базарханова Ә.Ж.
41	Оспан Аяжан	7	Аудандық “Зерде” зерттеу жұмыстары конкурсы	2 орын	Базарханова Ә.Ж.
42	Раисова Адия	Даярлы қ	Аудандық “Шаңырақ” конкурсы	2 орын	Таласпай А.М.

		сынып			
43	Жанат Ерсұлтан	1	Аудандық “Музыкалық жанұя” конкурсы	1 орын	Рахметова С.Б.
44	Мағзұм Ықылас	9	Аудандық “Жас Ұлан”	1 орын	Нургазин А.Р.
45			Аудандық Айбын әскери-қолданбалы спорт түрінен	1 орын	Нургазин А.Р.
46	Аукей Мөлдір	6	Аудандық пән олимпиадасы (математика)	3 орын	Мағзұм Қ.Е.
47	Такирова Айару	7	Аудандық қысқы Президенттік көпсайыс	2 орын	Бекпауов М.С.
48			Аудандық Жеңіл атлетика қросы	2 орын	Бекпауов М.С.
49	Сейсекина Алина	8	Аудандық Үстел теннисі	1 орын	Бекпауов М.С.
50	Мағзұм Жақсылық	9	Аудандық Айбын әскери-қолданбалы спорт түрінен	1 орын	Нургазин А.Р.
51	Тлеуқенова Айсана	8	Аудандық Айбын әскери-қолданбалы спорт түрінен	3 орын	Нургазин А.Р.
52			Аудандық Айбын Калашников автоматын бөлшектеу және жинақтау сайысы	1 орын	Нургазин А.Р.
53			Аудандық жеңіл атлетика қросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
54	Сейсекина Дарина	8	Аудандық жеңіл атлетика қросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
55	Хуанышбай Азамат	7	Аудандық жеңіл атлетика қросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
56	Тыныбаева Тамина	6	Облыстық спорттық бағдарлау	3 орын	Бекпауов М.С.
57	Рахметов Алихан	7	Аудандық жеңіл атлетика қросынан	2 орын	Бекпауов М.С.
58	Нұрғазы Нұрислам	6	Аудандық “Алтын қазына” байқауы	1 орын	Нургазин А.Р.
59	Карамышев Александр	6	Аудандық “Алтын қазына” байқауы	1 орын	Нургазин А.Р.
60	Жунусов Ералы	8	Аудандық жеңіл атлетика қросынан	2 орын	Бекпауов М.С.

2025-2026 о.ж. дарынды оқушылардың жетістіктерін төмендегі кестеден көруге болады.

№	Оқушының аты-жөні	сынып	Жетістіктері	орны	Пән мұғалімі
1	Жанат Ерсұлтан	2	Аудандық “Зерде” зерттеу жұмыстары байқауы	2 орын	Базарханова Ә.Ж.
2	Сейсекина Глория	6	Аудандық “Зерде” зерттеу жұмыстары байқауы	2 орын	Авазова З.Ф.
3	Сейсекина Дарина	9	Облыстық спорттық бағдарлау	3 орын	Бекпауов М.С.
4	Таскарина Адина	11	Облыстық спорттық бағдарлау	2 орын	Бекпауов М.С.
5	Тыныбаева Тамина	6	Облыстық спорттық бағдарлау	2 орын	Бекпауов М.С.

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҰОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі
(Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)

2023-2024 оқу жылында Тлектес жалпы орта білім беру мектебінде 11 сынып, 9 сынып-комплект, 46 оқушы бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1. Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

1) 2. 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері. 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1- қосымшасы бойынша жұмыс жасауды шешті; 2 сыныпта ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 7 тарау (Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары) бойынша оқу жоспары құрастырылды.
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» (1 сыныпта 33 апта, 2-4 сыныптарда 34 апта құрды);
 - 1- сыныпта 1-ші «Әліппе», 2-ші жартыжылдықта «Ана тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндері енгізілді; 1,2 сыныптарда көркем еңбек пәні екі пәнге бөлінді: бейнелеу өнері және

еңбекке баулу 1 сағаттан;

3) 5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

2) 5- 11-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері
 - «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістері. 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптар 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6- қосымшасы бойынша, 10-11 сыныптар 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 39- қосымшасы (жаратылыс-математикалық бағыт) бойынша жұмыс жасауды шешті;
 - «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;
 - ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы», 5-11 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы 34 апта құрды)
- 3) 5- 11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курстары енгізілді;
- 4) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беретін ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Нұр-Сұлтан 2023 жыл
- 5) "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі
- 6) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

5) 2023-2024 оқу жылында мектептің оқу жоспарының вариативтік бөлігіне төмендегі жаңалықтар жоспарланды:

1-сыныпқа оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» курсына 1 сағат бөлінді.

2-сыныпқа оқушылардың тіл мәдениетін, мәнерлігін арттыру мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «Әлем әдебиеті» курсы енгізілді;

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында театрлық үйірмеге 1 сағат берілді.

2 сыныпта ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушы) «Түзету ырғағы», «Тәртіп мәдениеті», «Танымдық әрекеттерін түзету» курстарына 1 сағаттан берілді.

3-сыныпқа оқушылардың тіл мәдениетін, мәнерлігін арттыру мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «Әлем әдебиеті» курсына 1 сағат бөлінді

4-сыныпқа оқушылардың экологиялық білім мен тәрбиелерін дамыту мақсатында «Экологиялық математика» курсына 1 сағат берілді.

5-9-сынып оқушыларының бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, жұмыста жұмыс істеу білу, экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды білу, патриоттық сезімдерін қалыптасыру, ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға,

талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында, оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, яғни, жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін вариативтік компонентінен 5-8 сыныптарға 0,5 сағаттан, 9 сыныпқа 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курстарына берілді;

10,11 сыныптарда жаһандық құзыреттілік курстарына 10-11 сыныптарға 1 сағаттан берілді;

Элективті курстар келесідей бөлінді:

10 сыныпта – ата-аналардың сұранысы бойынша білім алушыларды ҰБТға дайындау мақсатында «Физика есептерін шешу жолдары» курсына 1 сағат ;

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Математикалық сауаттылықты қалыптастыратын тапсырмалардың шешу жолдары» курсына 1 сағат бөлінді.

11 сыныпта – білім алушылардың тарихи білімдерін арттыру мақсатында «Елтану» курсына 1 сағат;

Оқушыларды қорытынды аттестаттауға және ұлттық біріңғай тестілеуге дайындау барысында «Математикалық сауаттылықты қалыптастыратын тапсырмалардың шешу жолдары» курсына 1 сағат берілді.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 19,5 с., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 5-сыныпта – 28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7-сыныпта – 31,5 с., 8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с., 10-сыныпта – 35 с., 11 сыныпта – 35 с.

2024-2025 оқу жылында мектепте 11 сынып (1-11 сыныптар), 9 сынып-комплект, 46 оқушы бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1.Мектепалды даярлық сыныптары/топтарында

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

Ақпан айынан бастап 2025 жылғы 16 қаңтар № 7 бұйрықпен өзгерістері, мектепалды сынып үшін 3-қосымшасы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2. 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы , 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістері). 29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2024-2025 оқу жылында бастауыш сыныптарда 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 1-қосымшасы бойынша жұмыс жасауды шешті; 3 сыныпта ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға осы бұйрықтың 4-қосымшасының 7 тарау (Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары) бойынша оқу жоспары құрастырылды.

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 10.07.2024 жылғы №174 бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» (1 сыныпта 33 апта, 2-4 сыныптарда 34 апта құрды);
 - 1- сыныпта 1-ші жартыжылдықта «Әліппе», 2-ші жартыжылдықта «Ана тілі» оқытылады;
 - 3 сыныпта 2 сағат көлемінде ағылшын тілі пәнін оқыту енгізілді;
 - жаратылыстану пәні 3 сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылады;
 - 1,2,3 сыныптарда көркем еңбек пәні екі пәнге бөлінді:бейнелеу өнері және еңбекке баулу 1 сағаттан;
 - "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны дүниетану пәні аясында жылдық оқу жүктемесімен жүргізіледі: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағат.
 - «Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 1-4 сыныптарда 6 сағат көлемінде сынып сағаттарда жүргізіледі

3) 5- 9-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы , 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323,бұйрығымен енгізілген өзгерістері). 29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2024-2025 оқу жылында 5-9 сыныптар 2023 жылғы 10 қазандағы № 323 бұйрығының 6-қосымшасы бойынша, 10-11 сыныптар 132- қосымшасы (жаратылыс-математикалық бағыт) бойынша жұмыс жасауды шешті;
- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістері;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 10.07.2024 жылғы №174 бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 5-11 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы 34 апта құрды)
 - «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Астана 2024 жыл
 - "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі
 - "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

5) 2024-2025 оқу жылында мектептің оқу жоспарының вариативтік бөлігіне төмендегі жаңалықтар жоспарланды:

1-сыныпқа оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» курсына 1 сағат бөлінді.

2-сыныпқа оқушылардың тіл мәдениетін, мәнерлігін арттыру мақсатында, «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «Әлем әдебиеті» курсы енгізілді;

Оқушылардың математика пәніне қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Математика әлемі» курсына 1 сағат берілді.

3-сыныпқа оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында, хор үйірмесіне 1 сағат бөлінді

3 сыныпта ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушы) «Түзету ырғағы», «Тәртіп мәдениеті», «Танымдық әрекеттерін түзету» 1 сағаттан берілді, «Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету» курсына 1 сағат берілді.

4-сыныпқа оқушылардың экологиялық білім мен тәрбиелерін дамыту мақсатында «Экологиялық математика» курсына 1 сағат берілді.

5-9-сынып оқушыларының бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, жұмыста жұмыс істеу білу, экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстыру, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды білу, патриоттық сезімдерін қалыптасыру, ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйрету мақсатында, оқу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, яғни, жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін вариативтік компонентінен 5-8 сыныптарға 0,5 сағаттан, 9 сыныпқа 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курстарына берілді;

10,11 сыныптарда жаһандық құзыреттілік курстарына 10-11 сыныптарға 1 сағаттан берілді; Элективті курстар келесідей бөлінді:

10 сыныпта – ата-аналардың сұранысы бойынша білім алушыларды ҰБТға дайындау мақсатында «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс» курсына 1 сағат ;

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Математикалық сауаттылықты қалыптастыру жолдары» курсына 1 сағат бөлінді.

11 сыныпта – білім алушылардың тарихи білімдерін арттыру мақсатында «Орта ғасырдағы мәдениет» курсына 1 сағат;

Оқушыларды қорытынды аттестаттауға және ұлттық бірінғай тестілеуге дайындау барысында «Математикалық сауаттылықты қалыптастыратын тапсырмалардың шешу жолдары» курсына 1 сағат берілді.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарларындағы вариативтік компонентті қоса алғанда, жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлемі 1-сыныпта – 19,5 с., 2-сыныпта – 24 с., 3-сыныпта – 26 с., 4-сыныпта – 26 с., 5-сыныпта – 28,5 с., 6-сыныпта – 28,5 с., 7-сыныпта – 31,5 с., 8-сыныпта – 32,5 с., 9-сыныпта – 34 с., 10-сыныпта – 35 с., 11 сыныпта – 35 с.

2025-2026 оқу жылында мектепте 11 сынып (1-11 сыныптар), 10 сынып-комплект,

50 оқушы бар. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

2025-2026 жылына арналған оқу жоспарын құруда мынадай ерекшеліктер ескерілді:

1) 1-4-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 27 маусымда №161 бұйрық, 29.08.2025 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2025-2026 оқу жылында бастауыш сыныптарда 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығының 1- қосымшасы бойынша жұмыс жасауды шешті; 4 сыныпта жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыға 4-қосымшаның 7 тарау бойынша оқу жоспары құрастырылды.

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;
- ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 жылғы №174 бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» (1 сыныпта 33 апта, 2-4 сыныптарда 34 апта құрды);
- "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 1-4-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты жүргізіледі
- "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Дүниетану" пәні аясында жылдық оқу жүктемесімен өтеді
- 4 сыныпта көркем еңбек пәні екі пәнге бөлінді: бейнелеу өнері және еңбекке баулу 1 сағаттан;
- Жаратылыстану пәні 1 сағат көлемінде жүргізіледі

2) 5- 11-сыныптарда білім беру процесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
 - «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323,бұйрығымен енгізілген өзгерістері). 29.08.2025 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша мектеп 2025-2026 оқу жылында 5-9 сыныптар 2023 жылғы 10 қазандағы № 323 бұйрығының 6-қосымшасы бойынша, 10-11 сыныптар 132- қосымшасы (жаратылыс-математикалық бағыт) бойынша жұмыс жасауды шешті;
 - «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;
 - ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2025 жылғы №174 бұйрығы «Орта білім ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» 5-11 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы 34 апта құрды)
 - «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Астана 2025 жыл
 - "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі
 - "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәні сабағында дене шынықтыру пәні мұғалімімен 15 сағат, 10-11 сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.
- 3) 2025-2026 оқу жылында мектептің оқу жоспарының вариативтік компонентіне төмендегі жаңалықтар жоспарланды:

1-сыныпқа оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Ғажайып математика» курсына 1 сағат бөлінді;

2-сыныпқа оқушылардың каллиграфияларын жақсарту мақсатында «Көркем жазу» курсы және математика пәніне қызығушылықтарын арттыру, логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Логикалық математика» курсы енгізілді;

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес зерделенді. Күнделікте админнің логині, паролі: sholpannurgazina
пароль \$ShA1964@N

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Емтихандарды тапсыру, білім алушыларды ауыстыру және бітірушілерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алдынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді. Педагогикалық кеңестерде 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау хаттамаларының көшірмелері, сонымен қатар осы 14-өлшемшарттардың 2-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

2023-2024 оқу жылы 9-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	3	3	2		1	67	100
Алгебра	3	3	2		1	67	100
Орыс тілі мен әдебиет	3	3	2		1	67	100
Қазақстан тарихы	3	2	1	1		100	100
Биология	3	1	1			100	100

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 3 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды, бір оқушы үздік аттестат.

Емтихан тапсыру бойынша жалпы білім сапасы 80% көрсетті.

11-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	3	3		3		100	100
Алгебра және анализ бастамалары	3	3		3		100	100
Қазақстан тарихы	3	3		3		100	100
Орыс тілі мен әдебиет	3	3		3		100	100
Физика	3	3		3		100	100

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша қорытынды аттестаттаудан 11- сыныптың 3 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды.

Емтихан тапсыру бойынша жалпы білім сапасы 100% көрсетті.

2024-2025 оқу жылы

9-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	6	6		2	4	33	100
Алгебра	6	6		2	4	33	100
Орыс тілі мен әдебиеті	6	6	2	1	3	50	100
Қазақстан тарихы	6	6		3	4	50	100

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 6 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

Емтихан тапсыру бойынша жалпы білім сапасы 42 % көрсетті.

11-сынып

Пәндер	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	3	3		1	2	33	100
Алгебра және анализ бастамалары	3	3			3	0	100
Орыс тілі мен әдебиеті	3	3		3		100	100
Қазақстан тарихы	3	3	1	2		100	100
Биология	3	3			3	0	100

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша қорытынды аттестаттаудан 11- сыныптың 3 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды.

Емтихан тапсыру бойынша жалпы білім сапасы 47% көрсетті.

**2023-2024 оқу жылы. Қазақ тілі бойынша емтихан
5-8,10-сынып**

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
5-сынып	10	10	4	4	2	80	100
6-сынып	4	4	1	3	-	100	100
7-сынып	8	8	3	3	2	75	100
8-сынып	12	12	4	6	2	83	100
10-сынып	4	4	3	1	-	100	100

. Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында ұйымдастырылып, 5-8,10-сынып оқушылары толықтай емтиханға қатысты. Жалпы білім сапасы 88% көрсетті.

4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

2024 жылы 20 қыркүйек күні 4,9-сыныптардың білім алушыларынан білім, білік, дағдыларын тексеру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті қатысуымен компьютерлік тест алынды.

Жалпы тізім бойынша оқушы саны	Тестілеуге қатысқаны	%	Сынып	Пәндер бойынша жинаған ұпайлар саны				Жинаған ұпайлар саны	«2»	«3»	«4»	«5»	Орташа балл	Оң баға %
				Оқыту тілі	Математика	Химия	Қазақ әдебиеті		40%-дан төмен	40-64%	65-84%	85-100%		
9	9	100	4	8	8	-	-	16	3	3	2	1	16	53%
12	12	100	9	9	6	8	10	24	5	7	-	-	24	39,6%
21	21	100												46,3%

2022 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің №486 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығының 2 тарау 8-тармақшасына сәйкес бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында –

педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына онлайн түрде телеграм канал арқылы сауалнама өткізілді.

Бекмұрат Уахатов атындағы жалпы орта білім беретін мектепте «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтағы» сауалнаманы негізге ала отырып, **білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін, 2024жылдың 30 қыркүйегінде педагогтерге сауалнама өткізілді. «Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын»** сұрағына 100% педагогтер «Толық келісемін» деп жауап берді. **«Мен тиімді әдістемелік көмек аламын»** сұрағына «Толық келісемін»- 60%, «Келісемін»-20%, «Келіспеймін»- 20%, **«Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын»** сұрағына «Толық келісемін»-60 %, «Келісемін» - 40%, **« Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын»** сұрағына «Толық келісемін»-60 %, «Келісемін»-40 %, **«Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді»** сұрағына «Толық келісемін»- 40%, «Келісемін»-60 %, **«Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын»** сұрағына «Толық келісемін»- 20%, «Келісемін» - 80%,

«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына «Толық келісемін»-40 %, «Келісемін» -20%, «Келіспеймін»-20%, «Толық келіспеймін»-20%, **«Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын»** сұрағына «Толық келісемін»-20 %, «Келісемін»-80 %, **«Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын»** сұрағына «Толық келісемін»- 80%, «Келісемін»-20 %,

«Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды» сұрағына «Толық келісемін»-20 %, «Келісемін»-80 %, **«Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған»** сұрағына «Толық келісемін»-40%, «Келісемін»-60 %, **«Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген»** «Толық келісемін»- 20%, «Келісемін» -40%, «Келіспеймін»-20%, «Толық келіспеймін»-20%. **«Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады»** «Толық келісемін»-20 %, «Келісемін» -80%, **«Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын»** сұрағына «Толық келісемін»- 40%, «Келісемін» -60%,

«Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?» сұрағына «Толық келісемін»-60 %, «Келісемін»-40 %-ға жауап берді.

Ұсыныс: Ұжымдағы психологиялық тұрақты қолайлы ахуалды сақтау.

Шағын орталық тәрбиешілерінен алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

Шағын орталықта 2-тәрбиеші жұмыс жасайды. Сауалнамаға 100% шағын орталық тәрбиешілері қатысты.

Сауалнама қорытындысы бойынша

«Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Педагогтер тиімді әдістемелік көмек алады» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Мұғалімдер эмоционалды психологиялық қолдау алады» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Толық келіспеймін»-50%.

«Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өту үшін жағдайлар жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%.

«Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады» сұрағына «Толық келісемін»-100%.

«Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды» сұрағына «Толық келіспеймін»-100%.

Ұсыныс: шағын орталық тәрбиешілері ата-ана мен мектеп арасында ынтымақтастық ортаны одан әрі нығайту.

Шағын орталық ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

Шағын орталықта 6 ата-ана бар. Сауалнамаға 100% шағын орталықтың ата-аналары қатысты.

Сауалнама қорытындысы бойынша

«Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады» сұрағына «Толық келісемін»-50%. «Келісемін»-17%. «Толық келіспеймін»-33%.

«Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар» сұрағына «Толық келісемін»-83%. «Келісемін»-17%.

«Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз» сұрағына «Толық келісемін»-50%. «Келісемін»-33%. «Толық келіспеймін»-17%.

«Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз» сұрағына «Толық келісемін»-50%. «Келісемін»-50%.

«Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%. «Келісемін»-50%.

«Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-67%.

«Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-63%.

«Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-67%.

«Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-67%.

«Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-67%.

«Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз» сұрағына «Толық келісемін»-50%. «Келісемін»-50%.

«Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?» сұрағына «Толық келісемін»-33%. «Келісемін»-17%. «Келіспеймін»-17%. «Толық келіспеймін»-33%.

Ұсыныс: Шағын орталықтың ата-аналары мен шағын орталық тәрбиешілері арасында ынтымақтастық ортаны бұдан әрі нығайту.

Қорытынды: Шағын орталықтың ата-аналарының көзқарастары өте жақсы. Балалары шағын орталықтарын жақсы көреді және осында тәрбие мен қатар білім алып жатқандарына риза.

4,9 сынып оқушыларынан алынған сауалнама нәтижелерінің қорытындысы.

4,9 -сыныпта 8 оқушы білім алады. Сауалнамаға 100% оқушылар қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша *«Мен өз мектебімде оқуға қызығамын»* сұрағына «Толық келісемін»-87%, «Келісемін»-13%,

«Менің сүйікті заттарым бар» (егер солай болса, қайсысы) сұрағына «Толық келісемін»-13%, «Келісемін»-87%, *«Менің сүйікті мұғалімдерім бар»* сұрағына «Толық келісемін»-38%, «Келісемін»-62%,

«Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады» сұрағына «Толық келісемін»-62%, «Келісемін»-38%,

«Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Мен мектепте жиі Шаршаймын» сұрағына «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-37%, «Толық келіспеймін» -37%.

«Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп» сұрағына «Толық келісемін»-13%, «Келісемін»-37%, «Келіспеймін»-25%, «Толық келіспеймін»-25%

«Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-37%, «Келіспеймін»-13%, «Толық келіспеймін»-0%

«Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-62%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-13%.

«Мен өз құқығымды білемін» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%.

«Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-12%, «Келіспеймін»-12%, «Толық келіспеймін»-0%

«Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

«Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады» сұрағына «Толық келісемін»-25%, «Келісемін»-75%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

«Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын» сұрағына «Толық келісемін»-75%, «Келісемін»-25%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-0%

Қорытынды: Оқушылардың мектепке, білімге деген көзқарастары өте жақсы. Сабақта өздерін еркін ұстап, өз ойларын ашық айта алады. Өз мектептерін жақсы көреді және осы мекепте білім алып жатқандарына мақтан етеді.

4,9 сынып оқушыларының ата-аналарының /занды өкілдері/ сауалнама нәтижелері төмендегідей қорытынды берді.

4,9 сынып бойынша сауалнамаға 6 ата-ана қатысты, жауап беру көрсеткіші 100% құрап отыр.

«Менің балам мектепке қуана барады» сұрағына «Толық келісемін»-66%, «Келісемін» 17%, «Келіспеймін»-0%, «Толық келіспеймін»-17%

«Сыныпта қолайлы атмосфера бар» сұрағына «Толық келісемін» -83%, «Келісемін»-17%,

«Мектеп сапалы білім береді» сұрағына «Толық келісемін» -66%, «Келісемін»-17%, «Толық келіспеймін»-17%

«Оқу пәндері менің балама оңай беріледі» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктеледі» - «Толық келісемін»-33%, «Келісемін»-67%,

«Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын»- «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мен мектеп асханасы\буфет жұмысымен қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-50%,

«Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Менің балам мектепте Қауіпсіз» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды» сұрағына «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын» «Толық келісемін»-50%, «Келісемін»-33%, «Толық келіспеймін»-17%.

«Мектеп өміріне қатысуға ниет бар» сұрағына «Толық келісемін»-33% «Келісемін»-67%, жауап берді.

Ұсыныс: Ата-ана мен мектеп арасында ынтымақтастық ортаны одан әрі нығайту.

4,9 сынып оқушылары педагогтерінің сауалнама нәтижелері төмендегідей қорытынды берді.

4,9 сынып бойынша сауалнамаға 17 педагог қатысты, жауап беру көрсеткіші 100% құрап отыр.

«Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын» сұрағына «Толық келісемін»-88%, «Келісемін» 12%.

«Мен тиімді әдістемелік көмек аламын» сұрағына «Толық келісемін»-82%, «Келісемін»-18%.

«Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-76%, «Келісемін»-24%.

«Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-82%, «Келісемін»-18%.

«Мектеп оқушылары арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді» сұрағына «Толық келісемін»-76%, «Келісемін»-24%.

«Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-76%, «Келісемін»-24%.

«Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар» сұрағына «Толық келісемін»-76%, «Келісемін»-12%. «Келіспеймін»-12%.

«Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-94%, «Келіспеймін»-6%.

«Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын» » сұрағына «Толық келісемін»-82%, «Келісемін»-18%.

«Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынады» сұрағына «Толық келісемін»-65%, «Келісемін»-35%.

«Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған» сұрағына «Толық келісемін»-76%, «Келісемін»-24%.

«Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген» » сұрағына «Толық келісемін»-59%, «Келісемін»-29%,«Келіспеймін»-12%.

«Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады» сұрағына «Толық келісемін»-59%, «Келісемін»-41%.

«Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-82%, «Келісемін»-18%.

«Мен сынып жетекші ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын» сұрағына «Толық келісемін»-53%, «Келісемін»-47%.

Ұсыныс: Пән мұғалімдеріне оқушылармен жағымды қарым-қатынасты жалғастырту. Оқушыларға сенім білдіру, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы пәнге деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

2023-2024 оқу жылында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалды:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы

ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-10- сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдерде бекітілді:

9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдерде бекітілді:

9 -сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, Қазақстан тарихы) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология) – 2024 жылғы 11 маусым.

2024-2025 оқу жылында оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11- :
2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілді:
9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;
11 -сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.
3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:
9 -сынып оқушылары үшін:
1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
2) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;
3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Қазақстан тарихы) – 2025 жылғы 5 маусым;
4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;
11 -сынып оқушылары үшін:
1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;
3) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;
4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология) – 2025 жылғы 12 маусым;
5) қазақ тілінде оқытатын мектепте орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

Мектеп кітапханасы туралы мәлімет

Мектеп кітапханасы бірінші қабатта орналасқан, жалпы көлемі 27,4ш.м Кітапхананың кітап қоры 2950 экземпляр құрайды. Электрондық оқулықтармен, CD-дисктармен жабдықталған. Мектеп кітапханасы бір бөлмеден тұрады. Бір бөлме оқулықтарды сақтайтын қойма, ал екінші бөлме оқырмандар жұмыс істейтін орын. Оқу залы мен абонементпен бірге және 1 нетбукпен жабдықталған. Оқу залында төрт адамға арналған оқу орны бар.

Жыл сайын пайдалануға жарамайтын оқулықтар есептен шығарылады.. Ал жаңа кітапты оқушылар қызыға - қызыға оқиды. Кітап оқуға, кітапханаға келуге оқушылар үнемі асығады.

Кітапханашы: Шигерова Гульнара Казизовна, жалпы еңбек өтілі: 11 жыл, осы мекемеде кітапханашы ретінде еңбек өтілі 6 жыл, білімі жоғары. Еліміз егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғам дарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген оқушыларды қажет етеді. Сондықтан мектеп кітапханасының негізгі мақсаты – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушыларды ізденімпаздыққа үйрету, ана тілі мен әдебиетін ардақтай білуге тәрбиелеу мектеп кітапханасына да жүктелетін міндет.

Мектеп кітапханасының негізгі жұмыс бағыттары:

Мемлекеттік тілді дамыту.

Патриоттық тәрбие

Өлкетану

Оқу жұмысына көмек көрсету

Міндеттері:

- Оқырмандармен жүргізілетін жұмысты нығайту;
- Ақпарат күндерін, библиографиялық шолу, көрмелер ұйымдастыру;
Оқушылардың өзін – өзі басқару ұйымымен тығыз байланыста жұмыс істеу.

Оқулықтар қоры

Әрбір сыныптар қоры өз жас ерекшелігіне байланысты бөлінген. 1-4 сынып, 5-8 сыныптар, 9 сыныптар, 10-11 сыныптар. Оқулықтар қоры бөлек бөлмеде сақталған. Жаңа оқулық қоры мен оқырмандар картотекасы үнемі жаңарып толығып отырады. Оқушылар арасында оқулықтың бағалы ақпарат көзі, оны таза әрі ұқыпты ұстау керек екендігі айтылып әңгіме жүргізілді.

Оқулықтармен қамту

1 сынып оқушыларының оқулықпен қамтылуы 100 %, 2-4 сынып - 100%, 5-9 сынып 100% , 10-11-100% сынып оқулықтарды сақтау рейді кітапханашы мен сынып жетекшілер тоқсанына бір рет оқулықты сақтау рейдін жүргізеді. рейдтің қорытындысы кітапхана отырысында талқыланады. оқулықтың сақталуы жайлы рейд жылына 2 рет өткізіледі. оқу жылының басында оқулық берілгенде, таза болуына мән беріліп мониторинг жасалынады. Оқу жылының аяғында тексеріліп алынады. негізгі мониторинг сыныптар арасында және мектеп бойынша қорытындысы шығарылады.

Оқырмандармен жұмыс

Педагогикалық ұжымға, оқушыларға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Бүгінгі күні мектеп кітапханасының жұмысы оқырмандардың өз білімін ары қарай дамытуға, кеңейтуге бағытталған. Кітапханашы мәдениет өрісінде орын таба білуге үйретеді, жүйелі оқу жүргізуге дағдыландырады, кең, жан-жақты ақпаратты іздеу әдістемесінің негізін береді.

Сынып жетекші, қазақ тілі мұғалімдерімен тығыз байланыста.

- Мектеп оқушыларын кітапхана жұмысымен таныстыру, экскурсия өткізу.
- Оқырмандар үшін конференция, көрмелер ұйымдастыру
- Кітапхана жаңалықтарымен таныстырып отыру.
- **Жеке жұмыс**
 - Кітапхана жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді;
 - Кітапханада жұмыс істеу ережелерімен таныстырады;
 - Ақпарат күндерін, библиографиялық шолу ұйымдастырылады;
- Оқырман формулярын толтырып отыру;
- Курс, семинарларға барып кәсіптік деңгейін арттырып отыру.
Оқулықтарды сақтау бойынша рейд өткізу;

Кітапхана жыл ішінде мұғалімдерге, сынып жетекшілерге сынып сағаттарына, әр – түрлі, іс - шараларға, пән апталықтарына, кітап көрмесі ұйымдастырылады көмек көрсетіліп тұрады.

Ата –аналармен жұмыс

Үш сөзден тұратын – отбасы, мектеп, кітапхана ол ХХІ ғасыр оқырманын қалыптастырады. Ата -аналар кітапхананың ұжымдық шығармашылық кештеріне белсенді қатысады. (Сыйлық акциясы, қалалаық үлкен кітап мерекелерінде). Осындай іс-шаралардың көмегімен отбасы арасында кітапқа, кітап оқуға деген сүйіспеншіліктері оянады.

Кітапхананың акцидентті элементтері: алфавиттік каталог, электронды каталог, оқу қорының картотекасы. Ақпараттық-энциклопедиялық: сөздіктер, пәндер бойынша мәлімет сөздіктері, балаларға арналған энциклопедиялар, оқулықтар, атластар.

Кітапхана келесі бағыттармен жұмыс жасайды:

- оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз етуге байланысты, оқушылар мен педагогтардың өзін-өзі жетілдіру мақсатында ақпараттық қызмет көрсетеді;

- оқулықтарды ұқыпты пайдалануға, сақтауға, мәдени кітаптарды оқуға тәрбиелеу;

Кітапханада дәстүрлі картотекалармен бірге электрондық каталог жүргізулуде. Кітапхана кеңесі, кітапхана белсенділері құрылған.

Кітап қоры 7 сыныптарға арналған жаңа оқулықтармен, көркем әдебиет бюджет есебінен толықтырылады.

Кітапхананың материалдық- техникалық базасы

№	Аталуы	2023 -2024о.ж.	2024-2025о.ж.
1	Абонемент	1	1
2	Оқу залы	0	1
3	Кітап сақтау орны	1	1
4	Нетбук	1	1
5	Басқа техникалық құралдар	0	0

Жиһазбен жабдықталуы

№	Аталуы	2025-2026
1	Стеллаж	4
2	Үстел	1
3	Каталог	1
4	Шкаф	1

Мектеп кітапханасының мерзімдік басылымдарға жазылуы жыл сайын өсіп отыр 2025-2026 оқу жылында оқушыларды кітаптармен қамтамасыз ету 100 пайыз. Кітапханада өткізілетін іс -шараларға оқушылар қызығушылық танытады. Кітапхана қорын жаңа кітаптармен толықтыру.

Оқу-тәрбие жұмысы

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылы

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы келесі құжаттардан тұрады:

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV Кодексі;
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІУ Заңы;
7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
11. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
12. 2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығын басшылыққа алып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды.
13. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына қосымша «26» мамыр 2025 жыл № 123 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің бұйрығына 1-қосымша «30» шілде 2025 жыл № 194 Қазақстан Республикасының заңдары
1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4. Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5. Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10. Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11. Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
12. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
13. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
14. Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
15. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
18. АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;

20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” заңы;

21. “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” Ұлттық ақпараттық науқаны;

22. “Қауіпсіз мектеп” республикалық акциясы

2023 -2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрсетілген ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

2023-2024 оқу жылының Тәрбие жұмысының сараптамасы

Ұлттық мүдде

- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу,

мейірімділік таныту;

- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірі мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

2023-2024 оқу жылының «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» 3 құндылығын басшылыққа ала отырып, төмендегідей жұмыстар жүргізіліп келеді.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда инновациялық технологияларды қолдану;

Сынып жетекшілердің кәсіби деңгейін көтеруге, озық іс-тәжірибелерді оқып үйрене отырып, шығармашылықпен жұмыс жасау;

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіре отырып, тарихи қазынамызды сақтап, өрбітуге тәрбиелеу.

Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтауда жұмыс формаларын жаңашалауға тәрбие беруді жаңа технологияларға сүйене отырып жүргізу.

Бұл міндеттер төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

Сынып жетекшілермен жұмыс (сынып жетекшілердің озық тәжірибелерін оқып үйрену, тәрбие жұмыстарын жаңа технологияларға сүйене отырып жоспарлау, нәтижелікті болжау);

Оқушылардың «Мектеп Парламенті» мен «Жас Ұлан» Республикалық балалар ұйымымен жұмыс (Ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту);

Оқушылармен жұмыс (Тәрбиенің негізгі бағыттарымен, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру); Ата-аналармен жұмыс (Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас, ата-аналар оқуын ұйымдастыру, біріккен әр түрлі шаралар жоспарлап өткізу, тәрбие беруде әдістемелік көмек көрсету, құқықтық білімдерін кеңейту);

Мектептен тыс мекемелермен байланыс (мәдениет үйі, кітапхана).

2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл ұлттық құндылықтар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап. Осы аталған құндылықтар бойынша жоспар құрылып, тәрбие жұмысы жүргізілуде.

«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы аясында «Білім күні» тақырыбында салтанатты жиын және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджіне қатысып, әлеуметтік желілерге ақпараттар жарияланды. Мектебіміздегі «Адал ұрпақ» ерікті клубының жаңа құрамын жасақтап, жұмыс жоспары бекітіліп жұмысын бастады.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Тілдер шеруі» айлығы жеке жоспар бойынша түрлі зияткерлік сайыстар мен тілдік дағдыларды қалыптастыратын шаралар өткізілуде. «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында бірлескен жұмыстар жоспары құрылып, Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың инспектрі мен кездесу өткізілді. 1-8 сыныптар арасында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары, сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Денсаулық» күніне орай мектебімізде 2-11 сынып арасында спорттық іс-шара ауқымды түрде өтті. «Ұлттық лиганың» 1-кезеңінің ашылуы спорттық іс-шаралармен салтанатты түрде өтті. Ұлттық лиганың аудандық кезеңіне қатысып, жүлделі 2-3 орындары иелендік. «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында үш буын арасында «Сергіту сәті» челленджі өтті. Отбасы күніне арналған тәрбие сағаттары, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында фотоколлаж, бейнероликтер жасалып, әлеуметтік желіде ұсынылды.

Талап құндылығының аясында «Біз орманды қорғаймыз» жалпы бірыңғай өңірлік-экологиялық флешмоб өткізілді.

«Ұлттық мүдде» құндылығын қалыптастыру мақсатында «Әлихан Бөкейханов: Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден...» атты бірыңғай тарих сабағы өтті. 2023-2024 оқу жылына сынып жетекшілер қызметінің сапасын көтеруге бағытталған және өз жұмыс жоспарын Тәрбие тұжырымдамасын негізге ала отырып құрылды. Мақсаты: сынып жетекшілердің шығармашылық потенциалын жүзеге асыру үшін жағдай жасау, мектептегі тәрбие процесін теория және тәжірибе бойынша білімдерін көтеру, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістерінің теориясын үйрену, ұжымдық шығармашылық істерді, сынып іс – шараларын өткізуге, дайындық кезінде көмек көрсету болып табылды.

Әдістемелік бірлестікте 2023-2024 оқу жылында 8 сынып жетекші тағайындалды. Жылына 5 отырыс өткізілу жоспарланды. Жыл бойында сынып жетекшілермен, ата-аналармен, оқушылармен оқу жылында пайда болатын өзекті тақырыптар бойынша жұмыстар жасалады. Осыған орай педагогикалық

оқулар ұйымдастырылып, мектепшілік әртүрлі тәрбие шаралары өткізіледі.

Жетекшілері оқушылардың жас ерекшелігіне орай үш сатыға бөлінген сыныптарда жоспарлы түрде жұмыс жүргізілді. ДТЖО Рахметова С.Б. «Біртұтас тәрбие беру» туралы есепті баяндамасы отырыста талқыланды.

2023-2024 оқу жылдары аралығында мектебімізде кәсіби бағдар беру жұмысы жоспарға сәйкес жұмыс жасайды. Бастауыш сыныптар мен 5 – 11 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіліп келеді. Оқушылардың белгілі бір салаға қызығушылығын сауалнама, тест арқылы анықтай отырып, мамандық жайлы түсініктерін қалыптастыруда лекция, тренингтер өткізіліп тұрды. Сурет арқылы, көңілді үзілістер, әртүрлі маман иелерімен кездесу арқылы оқушылардың мамандықтарға қызығушылықтары анықталып, бағыт-бағдар берілді. Болашақ маман иелерімен кездесулер ұйымдастырылып, ЖШ қожалықтарына топсеруен ұйымдастырылды. Көкшетаудағы әскери оқу орыны мен ішкі істер қызметкерлерін даярлайтын оқу орындарымен байланыс

орнатылған. Оқу орындарының мамандары келіп, үгіт- насихат жұмысын өткізді. Павлодар қаласының оқу орындарында оқитын студенттермен қаңтар айында кездесу ұйымдастырылды.. Кездесуге 8- 11 сынып оқушылары қатысып, ой бөлісті.Оқушылардың қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беріліп отырды. Ата- аналарды қолдау орталығының жұмысы нәтижелі жұмыс жасауда. Жоспар бойынша әр буында 8 сабақ жоспарланған. Ата – аналардың мектеппен байланысы артты.

Оқу жылы	Зерттеулер	Тренингтер	Кездесу	Экскурсия
2023-2024	2	2	1	0
2024-2025	3	3	2	3
2025-2026	0	1	1	1

9 класс бітірушілердің орналасуы жайлы:

Оқу жылы	Жалпы саны	Колледжге түскендер	Бюджетті к	Ақылы	Мектепте қалды
2023-2024	4	0	0	0	4
2024-2025	3	0	0	0	3
2025-2026	6	1	1	0	5

11класс түлектерінің оқуға түсуі және еңбекпен қамтылуы

Оқу жылы	Түлек саны	ЖОО	Грант	Ақылы оқу	Колледж	Бюджеттік	Ақылы	Әскер қатарында, жұмысқа түскендер
2023-2024	3	3	3	0	0	0	0	0
2024-2025	3	3	3	0	0	0	0	0
2025-2026	3	1	0	1	2	1	1	0

Мектепішілік есепте тұратын мектеп оқушылары:

2023-2024 оқу жылы -0

Профилактикалық есепке қойылған отбасылар және оқушылар туралы мәлімет

Толық жетім оқушы:

2023-2024 оқу жылы -4

Толық отбасы саны -17

Толық емес отбасы саны- 2

Көп балалы отбасылар - 5

2023-2024 оқу жылы қыркүйек айында аудандық шахмат сайысында 4 оқушы жүлделі І орындарды иеленді. Білім алушылардың әртүрлі деңгейдегі шығармашылық, өнер, спорт сайыстарына қатысуы – мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, атқарылып жатқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы ұлттық жаңғырту бағдарламасы, «Мәңгілік Ел» идеялары, «Кітап–білім кілті» мектепішілік жобасы, «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы. Оған дәлел ретінде мектеп сайтындағы фотосуреттер және мектептің әлеуметтік желілерінде көрсетілген.

2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша жоспар жасалды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП. Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеру керек. 2023-2024 оқу жылында да мектепте спорттық бағыттағы 5 үйірме және 1 дебат үйірмесі жұмыс жасады. Жыл басында әрбір жетекші өздерінің жоспарларын жасап, әдістемелік бірлестікпен басшының қолымен бекітті. Мектептегі спорттық

үйірмелерге әртүрлі жастағы оқушылар 100% қамтылды. Жыл басында спорттық үйірмелер кестесі мен жоспары құрылып, бекітілді.

Дебат – білім беру бағдарламасы білімінің гуманитарлық жүйесін нақты көз дейтін жаңа бағыттағы үйірме болып табылады. Себебі оның дамуына қарай аудандық жоспар құрылып, мектеп аралық жарыстар кезең – кезеңімен офлайн және онлайн түрінде де өткізілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы іске асырылуда. Еліміздің барлық білім ордаларында пікір-сайыс дамыту орталықтары мен клубтары жұмыс атқаруда. Дебат үйірмесіне 7 оқушы қатысты. Жоспары уақытылы жасалып, бекітіліп, жыл бойына жоспарлы түрде жұмыс атқарылды. Үйірменің мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектепшілік пікір сайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, қалалық, облыстық республикалық, халықаралық пікір сайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу. Дебат үйірмесіне қатысушы оқушылар осы жылдың бірінші жартыжылдығында сайыстарға қатысты. Аудандық дебат ойынына да қатысып өз пікірлерін ортаға салып, ойларын толық жеткізді.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» бұйрығына сәйкес, 2022-2023, 2023- 2024 оқу жылы және ағымдағы жыл «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті курсының мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде 1-3- сыныпта 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырылды.

5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. «Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті курсы оқу процесі кезінде жүргізілді.

10,11-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті курсы аталған пәндерде тақырыптарын көрсете отырып, «Күнделік кз» электронды журналына белгіленді.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауының 25-тармағының, 3-қосымшасы 2-тарауының 35-тармағының талаптарына, 2023-2024 оқу жылдары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауының 25-тармағының, 3-қосымшасы 2-тарауының 38-тармағының талаптарына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі.

1-4, 5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 2023-2024 оқу жылында жеке «Жолда жүру ережелері» атты сынып журналына қағаз түрінде толтырылды. Журнал қоса берілді. 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында «Сынып сағаты» пәні ретінде Күнделік.кз электронды журналында жарияланып, дүйсенбі сайын сынып сағаттары тақырыптарымен кіріктіріліп өткізіледі.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жетістіктері мен мәселелері педагогикалық кеңес отырысында үнемі қаралып отырады: Педагогикалық кеңестер балалардың адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытты ұйымдастыру және азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған сынып жетекшілерінің, білім беру процесінің барлық қатысушыларының жұмыс тәсілдерін, әдістері мен формаларын қолдану бойынша ұжымның жұмысын талдайды т. б. Негізгі мақсат – өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және Ата заңымызды сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие құндылықтары мен әдіснамалық негізге ала отырып, Тлектес жалпы орта мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ең алдымен оқушы бойына патриоттық тәрбие беруден басталады.

Бірнеше жыл ішінде мектепте қызықты, шығармашылық істер, оның негізгі компоненттері төңірегінде құрылған өзіндік білім беру жүйесі қалыптасты:

Қыркүйек – "Білім күні", "Қамқорлық" акциясы, "Денсаулық күні", жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары, Қазақстан халқының Тілдері күніне арналған апталық;

Қазан - "Мұғалімдер күні", "Өзін-өзі басқару күні", "Еңбек күні", "Мейірімділік күні, «Алаш азаматтарын ұлықтау айы»;

Қараша – "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық ақпараттық науқаны, "Бала құқығы-адам құқығы", "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!», «Поэзия»;

Желтоқсан – «Қазақстан – ұлы дала елі»;

Қаңтар – «Жомарт жүрек», «Ұлттық код»;

Ақпан – «Оқуға құштар»;

Наурыз - "Алғыс айту күні", Халықаралық әйелдер күні, Азаматтық қорғаныс күні, «Ұлттық салт – дәстүрлерді» дәріптеу;

Сәуір - "Жасыл аула" эко-акциясы, «Экологиялық мәдениет»;

Мамыр - "Қазақстан халқының бірлігі күні", «Бейбітшілік пен татулық», Жеңіс мерекесіне арналған іс-шаралар, "Мектеп мақтанышы" салтанатты жиыны, "Соңғы қоңырау" мерекесі;

Маусым – «Балаларды қорғау күні», ҚР Мемлекеттік рәміздері күні, "Бітіру кеші".

Негізгі тәрбие жұмысының басты мақсаты: Оқушылар бойында өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыра отырып, елін, Отанын сүйуге және егемен елімізді сақтауға және оны гүлдендіруге құштар патриоттық күш – қуатты тәрбиелеу. Оқушылардың бойында адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Міндеттері:

1. Тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік сервисті жетілдіру, сынып жетекшілер мен оқушыларды шығармашылық ізденіске ынталандыру;

2. Тәрбие жұмысын дамытудағы стратегиялық бағыттарды анықтау, тәрбие ұйымдастырушыларының қызметін үйлестіру;

3. Кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік серіктестікке қабілеті бар оқушы тұлғасының қалыптасуына, дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына және әлеуметтік бейімделуіне оптималды жағдайлар жасау.

Оқу жылының мектепшілік тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде құрастырылды. Жылдық жұмыс, жоспарға сай өткізілуде:

Тәрбие жұмысының жай күйі ОБ сынып жетекшілерінің отырыстарында қаралады.

2024-2025 оқу жылына арналған Тлектес жалпы орта білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар құрылып, бекітілді. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға

болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген.

Жалпыға бірдей құқықтық оқыту

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес құрылды.

Кеңес мақсаты: мектептің қараусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу және білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Кеңес мынадай алдын алу жөніндегі мәселелерді қарайды:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың жай-күйін зерттеу және талдау, олардың алдын алуға бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстың жай-күйі;
- мектепішілік есепте, аудандық есепте тұратын жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;
- мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзатын білім алушыларды, девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды анықтау және мектепішілік есепке қою;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналардың өз міндеттерін орындамауы бойынша сұрақтар;
